

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ДЫЗЫЛ ЭТІ

ҚК(б)П облыстық және қалалық комитеттерінің, еңбекшілер депутаттарының Павлодар облыстық советінің органы.

1942 жыл  
3 Январь  
Жексенбі  
2 (1118)  
Шығыс  
«Астағананың»  
5-жыл  
Жеке саны  
15 тиыын

Орталық майданда біздің әскерлер болса да штурм жасауының арқасында Великие Луки қаласы мен темиржол узелін алды. Қаруларын тастап ерілуден бас тартқаны себепті қаладағы неміс гарнизоны бүтіндей жойылды.  
Сталинградтың оңтүстігінде біздің әскерлер Элиот қаласын алды.  
Сталинградтың оңтүстік батысында біздің әскерлер Тормосин аудан орталығын алды.  
Солтүстік Қазақстанда біздің әскерлер Чикола аудан орталығын алды. Плендер мен олжалар қолға түсті.  
СОВЕТ ИНФОРМ БЮРОСЫ.

## Барлық астық шабуыл жасап бара жатқан Қызыл Армияға берілсін!

### Астық тапсыру планы қалайда орындалу керек

Совет информбюросы Қызыл Армияның соғыс майданындағы зор жеңістері туралы жаңа хабарларды күн сайын жеткізіп отыр. Отандық майданда қорғаушылар асқан ерлікпен жаудың адам және техника күшін қыйрата отырып күшті қарқыммен алға басып барады.

Отан патриоттары Қызыл Армияның жаңа жеңістеріне тылдағы жаңа табыстармен майданға көмекті еселеп арттырумен жауап беріп отыр. М. Горький ауданындағы Калинин атындағы колхоздың колхозшысы Тимошенко жолдас Қызыл Армияның астық қорына бір өзі 120 пуд астық, осы колхоздың председателі Пригородов жолдас 150 пуд астық берді. Мұндай патриоттық өрлеу жер жерлерде де күшейіп отыр. Отандық Қызыл Армияны сүюшіліктің тамаша бейнесі міне дында әліде көп борышты. Облысымызда әлі күнге дейін мемлекетке астық тапсыру планы орындалған жоқ. Соңғы күндерде Ертіс, Куйбышев, Урлюков сияқты бірнеше аудандар астық тапсыру қарқынын күшейтудің орнына мүлде бәсеңдетіл алды. Басқаша айтқанда бұл аудандардың басшылары астық дайындауда әліде дауыспалы күрсөзден аса алмай нәтижелі жұмыс істей алмай отыр. Мұндай жағдайға тәзіл отыра қазіргі кезеңде отан алдында қылмыс жасағанмен тең өкенін ұғынатын мәзіл жетті. Астық тапсыру планын әрбір колхоз, совхоз аудандар бойынша қалайда орындау керек.

Жаудың жеңілу сағатын тездету үшін майданға қару жарақандай керек болса астық та сондай керек. Сондықтан да жау элементтер бұл мемлекеттік маңызы зор жұмысқа арқашанда бөгет жасауға тырысады, жасап та отыр. Куйбышев ауданындағы Сталин атындағы колхозда молдалардың басқаруымен 56 центнер астық урланғандығы анықталды. Осы аудандағы Октябрьдің 13 жылдығы атындағы колхозда да астық ұрлығы үлкен орын алып келген. Мұндай фактылар басқа аудандардың колхоздарында да бар.

Жергілікті партия, совет ұйымдарының міндеті қырағылық туын мейлінше жоғары ұстай отырып, партиялық көпшілік-сайси жұмысының дәрежесін мейлінше арттыра отырып қалың бұқараның назарын халықтың ұйымдасқан күшін астық тапсыру планын тез орындап шығу күресіне жұмылдыру керек. Астық тапсыруға бөгет болатын кедергілердің қандайына болса да жол берілмей, бұл жолдағы күресті бәсеңдетуге тырысушыларға батыл соққы берілу керек. Алдыңғы қатарлы колхоздардың колхозшыларының инициативасымен көтеріліп отырған колхозшылардың қолдарындағы артық астық Қызыл Армия қорына тапсыру жұмысы да көнегітіліп жүргізілуі тиіс.

Әрбір ден майдан үшін! Қазіргі уақытта осы.

Павлодар облысы, М. Горький ауданы, Калинин атындағы колхоздың колхозшылары Пригородов және Тимошенко жолдастарға

Калинин атындағы колхоздың колхозшыларына және Пригородов пен Тимошенко жолдастар сіздерге ерекше алғыс айтамын.

Сіздердің Қызыл Армия туралы қамқорлықтарыңыз үшін менің сәлемімді қабыл алыңыз.

И. СТАЛИН.

### Шарбақтмы

Цюруппа аудандық партия комитетінің секретарі Иконников жолдасқа

Танк колоннасына 2 миллион 200 мың сом ақша берген және Отан Қорғау қорына 4.000 пуд астық, 1000 пуд ет, 1620 пуд картоф пен овощ тапсырған Цюруппа ауданының колхозшылары мен колхозшыларының жұмысшы-виктер) партиясының алғысын тапсырыңыз.

Сіздің ауданның еңбекшілерінің берген қаржысы мен ауыл шаруашылығының азық-түлігі Қызыл Армия жауынгерлерінің, отанымызға өтіп кеткен неміс-фашист күзгіндарын рақымсыз құртуына көмектесе алады.

Н. СКВОРЦОВ.

### колхозшылардың жауабы

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің председателі Сталин жолдастың М. Горький ауданындағы Калинин атындағы колхоздың председателі Пригородов, колхозшы Тимошенко жолдастарға және осы колхоздың барлық колхозшыларына берген телеграммасы колхозшылардың майданға көмегін бұрынғыдан да күшейтуге рухтандырды.

Калинин атындағы колхоздың колхозшыларының Сталин жолдастың телеграммасына арнаған митингісі зор белсенділікпен өтті. Сталиндік алғыспен рухтанған колхоз мүшелері осы митингі үстіңің өзінде Қызыл Армия қорына тағы да 1200 пуд астық, танк колоннасына 80

мың сом ақша жыйнап тапсыратын болды. Колхоз Қызыл Армияға жаңа жылдық сыйлық үшін 60 центнер ет тапсырды. Колхозшы Тимошенко жолдас 132 пуд астық, 6800 сом ақша, 3 кой берді, майдан жауынгерінің әйелі Бычкова 60 пуд астық, 3000 сом ақша, колхоз председателі Пригородов 100 пуд астық, 5000 сом ақша берді.

Аудан колхозшылары қазіргі өзінде Қызыл Армия қорына 10.000 пуд астық, танк колоннасы құрылысына 1.113.000 сом ақша берді. Колхоздарда Сталин жолдастың телеграммасына арнаған митингілер өтіп жатыр.

Карабут,

ОБЛЫСТА МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ ТАПСЫРУ ПЛАНЫН ОРЫНДАҒАНҒА ДЕЙІН АСТЫҚ САУДАСЫНА ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары облыстық советі аткомының 1943 жыл 1 январьдағы шешімімі

Павлодар облысының бір қатар колхоздары мен жеке шаруаларының мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындамауы мен байланысты және мемлекетке тапсыруға арналған астықтың талан-таражыға түсуі сықылды жағдайды ескерту мақсатымен еңбекшілер депутаттарының облыстық советінің аткомы қарар етеді:

1. Облыс бойынша мемлекетке астық тапсыру планы толық орындалғанға дейін колхоздар мен жеке адамдардың астықты, ұнды, піскен нанды базарларда, вокзалдарда, көруа үйлерінде сатуға (ақшаға немесе айырбасқа) тыйым салынсын.

2. Осы қарарды орындамағандар қылмысты түрде жауапқа тартылады.

3. Осы қарардың орындалуын бақылау ісі милиция органына, сауда инспекциясы мен еңбекшілер депутаттарының қалалық, аудандық және селолық советтеріне жүктелсін.

4. Осы қарар жарияланғаннан бастап күшіне еніп және Павлодар облысы көлемінде жүзеге асырылады.

Еңбекшілер депутаттары облыстық советі аткомы председателінің орынбасары,  
П. МОРЩИНИН.

Еңбекшілер депутаттары облыстық советі аткомының секретарі.

Х. РАХИМОВ.

### Астық көп, ұйымдастыру жоқ

Краснокутск. (Өз тілшімізден) Куйбышев ауданының бірсыпра колхоздары астық тапсыру планын әлі күнге дейін орындамай отыр. Мұның өзі соңғы уақытқа дейін «колхозда астық жоқ» деген зиянды сөзбен бүркемеленіп келді. Мұндай пікір тек жеке колхоз председателдерінде емес, сонымен бірге ҚК(б)П аудандық комитетінің өзінде де орын алып келді. ҚК(б)П райкомының секретарі Бурин жолдастың өзі де-осындай пікірге салынушылардың сөзіне сеніп, көңілшектік жасаумен болды.

Бірақ, соңғы фактылар ісін жайі тіпті басқаша екендігін, астық тапсыру планының орындалмауы астықтың «жоқтығынан» емес, қолда бар астықты тапсыруды ұйымдастыра алмағандықтан болып отырғандығын айқындап отыр. Сталин атындағы колхозға орналасып алған молда Асанов, колхоздың охраны Ақамбаев, бұрынғы кулак Б. Солтанов, барлығы 8 адамнан ұйымдасқан ұрылар осы колхоздың астығын үнемі ұрлап келгендігі, тек бір жердің өзіне тыққан астығы 56 центнер екендігі анықталды.

Октябрьдің 13 жылдығы атындағы колхозда да жағдай осындай болып отыр. Бұл колхоздағы астық ұрлығына совет председателі Султановтың өзі бас болып кіріскендігі айқындалды. Бұл ауданның кейбір колхоздарында астық тапсырудың артта қалушылығы, бейқамдықты пайдаланып өздерінің дегенің істеп отырған жау элементтердің зиянды әрекетінен болып отырғандығын осының өзі-ақ айқындайды.

Бұл жағдай астықтың көптігін, ұйымдастырудың жоқтығын көрсетеді.

# СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

1 январьдағы кешкі хабар

1 Январьда күн бойы біздің әскерлер Орта Дон ауданында, Сталинградтың оңтүстігі мен оң түстік батысында, Орталық майданда және Солтүстік Кавказда шабуыл жасау ұрыстарын жүргізумен болды. Біздің әскерлер Великие Луки қаласы мен теміржол узелін, Элиста қаласын, Тормосин, Чикола аудан орталықтарын, Нижне-Курмоярская, Балабоновск, Березка, Баклановск, Жуковская, Кривск, Мало-Лучная, Степано-Разинск, Комаров, Красный яр, Верный-Солоновск, Нижне-Солоновск, Попов, Хазнидон, Толдзгун ірі елді пункттерін алды.

\*\*\*

31 Декабрьде біздің авиация бөлімдеріміз майданның түрлі учаскелерінде немістердің 10 танкесін, әскер, жүк тиелген 50 автомашинасын талқандап, немесе жойып жіберді, 7 артиллерия батареясын құртты, ұрыс жабдықтары тұрған 2 складын талқандады, жаудың екі ротадай жаяу әскерлерін тозғындатып, бір қатарын қырып салды.

Сталинградтың завод ауданында біздің штурма отрядымыз жаудың қарсылығын жеңіп отырып, 100-300 метр алға басты. Жаудың көптеген дзоттары мен блиндаждарын жойды. Немістердің 400 дей солдат, 6 пулемет, бірнеше миномет және 20000 патрон қолға түсірді.

Сталинградтың солтүстік-батысында біздің бөлім жауға қарсы шабуыл жасап, қолайлы позицияны алды. Ұрыс даласында жаудың 300 өліктері мен қыраған 5 танкесі қалды. 8 пулемет, 3 миномет, танкеге қарсы ататын 11 мылтық, радио станциясын және басқадай олжалар қолға түсірді.

Сталинградтың солтүстік батысында біздің әскерлер қарқынды шабуыл жасап, ондаған елді пункттерді алды. Сталинградтың оңтүстігінде біздің әскерлер кескілескен ұрыстан кейін Элиста қаласын алды. Немістер көп шығынға ұшырады.

Старший лейтенант Дмитровтің басқаруындағы танкистер кейін шегініп бара жатқан немістерге шабуыл жасады, 300 ден астам гитлершілерді қырып, 12 орудиясын жойды. Басқа бір учаскеде Н. бөлімінің жауынгерлері бір батальондай гитлершілерді жойып, 400 адам пленге алды, жаудың бүтін 6 танкін қолға түсірді.

Орта Дон ауданында біздің әскерлер шабуыл жасау ұрыстарын жүргізіп, бірнеше елді пункттерді алды. Обловск ауданында совет бөлімдері 50 ден астам орудия, 50 автомашина, 12 трактор, 1500 винтовка, артиллерия складын, 3 мүлік және 3 азық-түлік складын, үн складын, астық қойған элеваторын, жанармай складын, инженерлік мүліктер тағы басқа соғыс жабдығы тұрған складын және басқадай олжалар қолға түсірді. Немістер соғыс құрылысына жөнелткелі жатқан советтің 3000 нан астам бейбіт азаматтары азат етті. 600 солдаттары мен офицерлерін қырды, 15 автомашинасын мен 20 ат арбасын жойды.

Орталық майданда біздің әскерлер шабуыл жасаумен болды. Қарқынды штурм жасаудың нәтижесінде біздің бөлімдер Великие Луки қаласы мен теміржол узелін алды. Қаруын тастап берілуден бас тартқандықтан немістердің қаладағы гарнизоны бүтіндей

жойылды. Басқа бір учаскеде Н. бөлімінің жауынгерлері жаудың бірнеше қорғаныс узелін алып, немістердің 200 солдаттары мен офицерлерін пленге түсірді. Ұрыс даласында жаудың көптеген өліктері қалды.

\*\*\*

Нальчиктің оңтүстік-шығысында біздің әскерлер Чикола аудан орталығы мен Хазнидон және Толдзгун елді пункттерін алды. Плендер мен олжалар қолға түсірілді. Басқа бір учаскеде біздің бөлім Терек өзенінен өтіп, жауды қысымға алып, немістердің екі ротадай жаяу әскерін, 4 орудиясын, 4 минометін жойды. Гвардия капитаны Кабицк басқарған батарея бірнеше сағаттың ішінде жаудың 5 станокті пулеметтері мен соғыс мүліктері тиелген 13 автомашинасын құртты.

\*\*\*

Ленинград майданында біздің снайперлер 2 күн ішінде жаудың 380 солдаттары мен офицерлерін жойды. Артиллерияның оғымен танкеге қарсы ататын 3 мылтығын, 4 миномет батареясын, 10 автомашинасын, соғыс мүліктері тиелген бірнеше ат арбасы құртылды, немістердің 26 дзоты мен блиндажы талқандалды.

Терек өзенінен асқан аудандарда соғысымыз партизандар отряды жаудың 2 эшелонын құртты. Түрлі жүк тиелген 12 вагон, әскер тиелген 8 вагон, автомашиналы 17 платформа және бензин куйылған 3 цистерна талқандалды. Смоленск партизандарының басқа отряды неміс әскерлері бөлімдерімен ұрыс салды. Бұл ұрыста совет партизандары 68 гитлершілерді құртты.

## МАЙДАНДАҒЫ АРМИ



Атақты Чапаевтың ұлы, орденді А. В. Чапаев неміс оккупанттарына қарсы күрескен ерлікпен күресуде. Ол басқарған зеңбірек гитлершілерге қатты соққы беруде.  
Суреттегі: орденді Александр Васильевич Чапаев.

## Танк колоннасына

Краснокутск. (Тілшіміздің телеграмма арқалы). Куйбышев ауданының колхозшылары, ауданның барлық еңбекшілері танк колоннасын жасауға жаппай қатынаса бастады. Сталин атындағы колхоздың колхозшылары бір күнде 1000 сом берді.

Қазақстанның ХХ жылдығы атындағы промартельде Пшенбаев, аудандық баспахананың наборщиці Саденов жолдастар танк колоннасы құрылысына әрқайсысы 2 айлық еңбегінің ақшасын берді.

М. Хангельдин.

## Кызыл Армия үшін

Ертіс. «Үлгілі» колхозының колхозшылары Кызыл Армия жауынгерлеріне үнемі қамқорлық жасап келеді. Олар жауынгерлерді болат танкілермен қамтамасыз етуге бір адамның бірлігімен қатысып, 75.000 сом қаржы берді. Отан қорғау қорына 150 пуд астық куйды.

К. Ескендерова.

## Айлық еңбектеріне жазылды

Павлодар қаласындағы Вейдиспансер коллективі колхозшылардың инициативін асқай белсенділікпен қолдап, танк колоннасы құрылысына өздерінің айлық еңбек ақыларының бермек болды. Коллектив танк колоннасы құрылысына арналған 2400 сом ақшаны қолма-қол берді.

Жауапты редактордың орынбасары

К. АБДРАХМАНОВ.

редактор—2-09, жалпы—1-36

## Ер елін қорғас, елі ерін қорғайды

«Ер барда, елі қор болмас, ел барда, ер қор болмас» деген халық сынынан өткен хақиетті сөзді дәлелдейтін елімізде өнегелі істер көп, солардың бір саласы Павлодар қаласындағы Орталық Ремонт мастерскойы (директоры А. Ф. Масьев жолдас) коллективінің үлгілі істері екенінде сөз жоқ.

Бүкілсоюздық социалистік жарыстың жеңімпаз туы тігіліп, майданға көмекті күшейтіп, жалмауыз Гитлердің қанішкіш қарақшыларын біржолата талқандау сағатын тездетуге бағытталған бүкіл халықтық жарыстың ұлы қозғалысында мастерской жұртшылығы өндірістік планды үнемі асырып орындаймыз, жұмысты жаппай стахановша істейміз, рационализаторлық ұсыныстарды кең өрістетеміз, үнемі көп жасаймыз деп отан алдында, майдан алдында серт берген болатын.

Большевиктердің сөзі берік сөз, мастерской жұртшылығы

алған міндетін зброймен асыра орындап келеді. Оған мына цифрлар мен фактылар толық айғақ бола алады.

Мастерскойда еңбек өнімі өсірілді. Орта есеппен алғанда жылдық өсірілуі 281,6 процент етіп орындалды. Бұл мастерской жұртшылығы жаппай екі жұмысшілер коллективі болып алды деген сөз. Еңбек өнімінің осындай лаулап артуының арқасында мастерскойда ноябрь айының өндірістік планы барлық цехтарда да асуымен орындалды. Жекеше алғанда токарлар цехы 211,8 процент, слесарь—223 процент, электр—207 процент, балташылар—223 процент, медник—138 процент, котель цехы 12 процент орындалды.

Коллективте соғыс аялаумен бірге елін қорғайды деген халықтық ұсыныстар жыйналды, бұл бағалы ұсыныстарды жүзеге асырылуының арқасында он

айда 112 мың сом үнем жасалынды.

Мастерскойда Бүкілсоюздық социалистік жарыстың ұлы қозғалысында отан соғысы күндерінің стахановшыларының қатарынан өзіміз де бармыз. Солардың ішінде слесарь, слесарьшық, электрші, қазықшы мамандарымыз бар. Олардың тал-жан-күшімен орындаған жылдық тапсырманы 450 проценттен кем орындап келгеніміз. Құрылыс жұмысының бригадирі Фалиев жолдас та еңбек өндірудің тамаша өнегелерін көрсетуде. Ол өзіне және коллективіне берілген тапсырманы үнемі 327 процент орындап келеді. Бұлар сыртқы елді қорғайды деген ұранмен бірге өз елімізді қорғайды деген халықтық ұранмен бірге біздің елде бар екенін ыспаттайтын толық айғағы.

3. Мәканов,